

## **Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваттың қорғау аймағын белгілеу туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 20 сәуірдегі N 125 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 18 мамырда N 3293 тіркелді.

Ырғыз–Торғай мемлекеттік табиғи резерватты қолайсыз сыртқы әсерлерден ерекше күзету және қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 16, 123 баптарына, "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175 Заңының 18, 43, 53 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 27 бабына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ырғыз–Торғай мемлекеттік табиғи резерватының сыртқы шекарасының бойында қорғау аймағы жер пайдаланушылардан және жер учаскелерінің меншік иелерінен жерді алып қоймай, қосымшаға сәйкес ені 2 километр болып белгіленсін.

2. Қорғау аймағындағы табиғатты пайдалану режимі және тәртібі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175 Заңының 43 бабында белгіленген талаптарға сәйкес белгіленсін.

3. "Ырғыз–Торғай мемлекеттік табиғи резерваты" мемлекеттік мекемесіне қорғау аймағының шекарасын арнайы белгілермен белгілеу ұсынылсын.

4. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ (Ж.И. Иманқұлов) қорғау аймағын құру жөніндегі жобалық материалдарды Ырғыз ауданының әкімдігіне (М.К. Дуанбеков) және "Ырғыз–Торғай мемлекеттік табиғи резерваты" мемлекеттік мекемесіне тапсырсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары І.Қ.Өмірзақовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан 10 күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Е. Сағындықов*

Облыс әкімдігінің  
20 сәуірдегі 2009 жылғы № 125  
қаулысына қосымша

**Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваттың қорғау аймағының мөлшері**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысының әкімдігінің 17.05.2019 № 192 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

| Жер пайдаланушылардың атауы  | Жер учаскелерінің көлемі, гектар |
|------------------------------|----------------------------------|
| Нұра ауылдық округі          |                                  |
| "Ақбота" шаруа қожалығы      | 805                              |
| "Көркем" шаруа қожалығы      | 250                              |
| "Әділет" шаруа қожалығы      | 804,8                            |
| "Молшылық" шаруа қожалығы    | 500                              |
| "Бауыржан" шаруа қожалығы    | 2000                             |
| Тәуіп ауылдық округі         |                                  |
| "Сер-Мак" шаруа қожалығы     | 6000                             |
| "Көшекбай" шаруа қожалығы    | 1500                             |
| Жайсаңбай ауылдық округі     |                                  |
| "Дархан" шаруа қожалығы      | 4070                             |
| "Мирас" шаруа қожалығы       | 400                              |
| "Азамат" шаруа қожалығы      | 6026                             |
| Қор жерлері:                 | 171896,2                         |
| <b>Барлық қорғау аймағы:</b> | <b>194252</b>                    |

*Табиғи ресурстарды қорғау  
және ерекше қорғалатын  
табиғи аумақтар бөлім бастығы*

*Қ. Аязов*